

ISSN (Print) 2616-678X  
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

## BULLETIN

of L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

## ВЕСТНИК

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**ФИЛОЛОГИЯ** сериясы  
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**  
**PHILOLOGY** Series

**№3(128)/2019**

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Нұр-Сұлтан, 2019

Nur-Sultan, 2019

Нур-Султан, 2019

---

---

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**  
*филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)*

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

**Редакция алқасы**

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к. (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассоц. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы**

Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 12/1,

тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

---

---

Editor-in-Chief **Dikhan Kamzabekuly**  
*Doctor of philology, academician of NAS RK (Kazakhstan)*

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

**Editorial board**

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof. (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof. (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008  
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)  
**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

**Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series**

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413)

© **L.N. Gumilyov Eurasian National University**

---

---

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**  
*доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)*

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

**Редакционная коллегия**

Аскероглы Рамиз	Д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	Д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	Д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	Д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	К.ф.н. (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассоц. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	Д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	Д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	Д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	Д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	К.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ**

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: +7(7172)709-500

(вн. 31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

---

---

## Мазмұны

### *Фольклор және әдебиеттану*

<i>Арыққарақызы Е. Түрік ақыны Гүлай Сормагештің поэзиясы (Балалар туындыларының ерекшелігі) .....</i>	<i>8-14</i>
<i>Баекенова А., Тұрысбек Р. Эпистолярлық мұра: хаттар мен хаттасулар (Сәбит Мұқанов жазбалары негізінде) .....</i>	<i>15-22</i>
<i>Қожашев М. Жамбылдың айтыс өнері: синкреттілік пен шеберлік .....</i>	<i>23-29</i>
<i>Мусайева И. Әзербайжан классикалық әдебиетіндегі роман жанрының генезисі .....</i>	<i>30-43</i>
<i>Назарова А., Мансұров Н. «Мифологем» терминінің этимологиялық сипаты .....</i>	<i>44-50</i>
<i>Рысқұлбекова С., Дүйсенгазы С. Тәуелсіздік толғаулары: негізі мен қазіргі үрдісі .....</i>	<i>51-58</i>
<i>Сыдықбаева А., Аймұхамбет Ж. Қазіргі қазақ әңгімесіндегі антропоморфизм көрінісі (Асқар Алтайдың «Кентавр» әңгімесі бойынша) .....</i>	<i>59-67</i>
<i>Тебегенов Т., Қожашев М. Жамбыл - Ұлы дала жыршысы .....</i>	<i>68-73</i>

### *Лингвистика және әдістеме*

<i>Абдуова Б. Маманның кәсіби тілдік құзыреттілігі: дерек пен бағдар .....</i>	<i>74-82</i>
<i>Ержуманова А., Елубай А. Ағылшын тіліндегі Indefinite аспектісі: диахрония мен синхронияда дамуы .....</i>	<i>83-91</i>
<i>Жұмағұлова В., Кәрімова Б. Қоғамдық санаға ықпал етудегі БАҚ-тың лингвокогнитивтік мүмкіндіктері .....</i>	<i>92-99</i>
<i>Исенова Ф. Студенттердің жазбаша құзыреттілігін қалыптастырудағы академиялық эссе және оның рөлі .....</i>	<i>100-106</i>
<i>Құсайынова Ж. Синтаксистік құрылымдағы актуалдану, деактуалдану құбылыстарының грамматикалық заңдылықтарға ықпалы .....</i>	<i>107-114</i>
<i>Логинова М., Жарқынбекова Ш. Гуманитарлық білім парадигмасындағы «нарратив» түсінігі .....</i>	<i>115-128</i>
<i>Мамаева Г. Түбі бір түркі терминдері .....</i>	<i>129-136</i>
<i>Осокина Д., Мұрзалина Б. Ретроним – жаңа ағылшын терминдерін жасаудың амалы .....</i>	<i>137-145</i>
<i>Сарекенова Қ., Тұрарханова Қ. Қазақ және түрік тілдеріндегі тыныс алу жүйесіне қатысты тұрақты тіркестердің ерекшеліктері .....</i>	<i>146-152</i>
<i>Шахпұтова З., Нуртазина М. Лингвистиканың бинарлық қарама-қарсылықтары – әлемнің тілдік бейнесіндегі концептуализация тәсілі .....</i>	<i>153-164</i>

---

---

## Contents

### *Folklore and Literary Studies*

<i>Arikkarakzy E.</i> Poetry of the Turkish poet Gulay Sormagech (Features of children's works) .....	8-14
<i>Bayekenova A., Turysbek R.</i> Epistolary Heritage: Letters and Correspondence (based on correspondence of Sabit Mukanov) .....	15-22
<i>Kozhashev M.</i> Zhambul's Improvisational Art: Syncretism and Word Mastery ....	23-29
<i>Musaeva I.</i> Genesis of the Novel in Classical Azerbaijani Literature .....	30-43
<i>Nazarova A., Mansyrov N.</i> Etymological Characteristics of the Term «Mythologeme» .....	44-50
<i>Ryskulbekova S., Duysengazy S.</i> Independence of Tolgau: Fundamentals and Current Trends .....	51-58
<i>Sydykbaeva A., Aimukhambet Zh.</i> Manifestation of Anthropomorphism in Modern Kazakh Story (based on Askar Altai's story «Centauri») .....	59-67
<i>Tebergenov T., Kozhashev M.</i> Zhambyl - Poet of the Great Steppe .....	68-73

### *Linguistics and methodics*

<i>Abduova B.</i> Professional Language competence: Facts and Direction .....	74-82
<i>Erzhumanova A., Elubai A.</i> English Indefinite Aspect: Development in Diachrony and Synchrony .....	83-91
<i>Zhumagulova V., Karimova B.</i> Linguo-Cognitive Opportunities of Mass Media in Manipulating Public Consciousness .....	92-99
<i>Issenova F.</i> Academic Essay and Its Role in the Formation of Students' Written Competence .....	100-106
<i>Kussaiynova Zh.</i> Influence of Actualization and Deactualization Phenomena on Syntactic Laws .....	107-114
<i>Loginova M., Zharkynbekova Sh.</i> The concept of «narrative» in the paradigm of humanitarian knowledge .....	115-128
<i>Mamayeva G.</i> Single-rooted Turkic terms .....	129-136
<i>Ossokina D., Murzalina B.</i> Retronym as a Mean of Formation of New English Terms .....	137-145
<i>Sarekenova K., Turarkhanova K.</i> Features of Phraseological Units Related to Human Respiratory System in Kazakh and Turkish .....	146-152
<i>Shakhputova Z., Nurtazina M.</i> Linguistic Binary Oppositions As a Way of Conceptualization of Linguistic World View .....	153-164

---

---

## Содержание

### *Фольклор и литературоведение*

<i>Арыккарақызы Е.</i> Поэзия турецкого поэта Гулая Сормагеча (Особенности детских произведений) .....	8-14
<i>Баекенова А., Турысбек Р.</i> Эпистолярное наследие: письма и переписки (по материалам переписки Сабита Муканова) .....	15-22
<i>Кожашев М.</i> Импровизаторское искусство Жамбыла: синкретизм и мастерство слова .....	23-29
<i>Мусайева И.</i> Генезис романа в классической азербайджанской литературе ...	30-43
<i>Назарова А., Мансуров Н.</i> Этимологическая характеристика термина «мифологема» .....	44-50
<i>Рыскулбекова С., Дуйсенгазы С.</i> Толгау независимости: основы и современные тенденции .....	51-58
<i>Сыдыкбаева А., Аймухамбет Ж.</i> Проявление антропоморфизма в современном казахском рассказе (По рассказу «Кентавр» Аскара Алтая) .....	59-67
<i>Тебегенов Т., Кожашев М.</i> Жамбыл – поэт Великой степи .....	68-73

### *Лингвистика и методика*

<i>Абдуова Б.</i> Профессиональная языковая компетентность: факты и направление ...	74-82
<i>Ержуманова А., Елубай А.</i> Indefinite аспект английского языка: развитие в диахронии и синхронии .....	83-91
<i>Жумагулова В., Каримова Г.</i> Лингвокогнитивные возможности СМИ в воздействии на общественное сознание .....	92-99
<i>Исенова Ф.</i> Академическое эссе и его роль в формировании письменной компетенции студентов .....	100-106
<i>Кусаинова Ж.</i> Влияние явлений актуализации, деактуализации на синтаксические закономерности .....	107-114
<i>Логинова М., Жаркынбекова Ш.</i> Понятие «нарратив» в парадигме гуманитарного знания .....	115-128
<i>Мамаева Г.</i> Однокорневые тюркские термины .....	129-136
<i>Осокина Д., Мурзалина Б.</i> Ретроним как средство образования новых английских терминов .....	137-145
<i>Сарекенова К., Турарханова К.</i> Особенности фразеологических единиц, связанных с системой дыхания человека на казахском и турецком языках .....	146-152
<i>Шахпуртова З., Нуртазина М.</i> Лингвистические бинарные оппозиции как способ концептуализации языковой картины мира .....	153-164

ХФТАР 17.81.31

**Темірхан Тебегенов, Мұхит Қожашев<sup>1</sup>**

*Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан*  
(E-mail: <sup>1</sup>raimbek26@mail.ru)

**Жамбыл - Ұлы дала жыршысы**

**Аңдатпа.** Мақалада Жамбыл ақынның Ұлы даланы мекендеген халықтардың достығы мен ұлттық ерекшелігін ұлықтаған шығармалары бүгінгі қоғам талабына сай зерделеніп, тарихи салыстырмалы аяда әдебиеттану саласының жаңа тәсілдерін қолдана отырып талданған.

Ақындық-жыршылық сипатта кеңестік халықтардың бірлігін жырлаған Жамбыл А.С. Пушкинге және тынық Дон ұлдарына, Солтүстік полюсті бағындырушыларға, испаниялық қаһармандарға, Отан батырларына және қарапайым еңбек адамдарына поэтикалық қуатын арнады. Оның жасампаз толғауы – «Ленинградтық өрендерім» ақындық шеберлік пен мейірімге толы жүректен шыққан даналық сөздің асқар шыңы.

**Түйін сөздер:** Жамбылтану, ақындық, ақындық қуат, Ұлы дала, ақындық дәстүр, жаңашылдық, жыршылық, халықтар достығы.

**DOI:** <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-128-3-68-73>

**Кіріспе.** Жамбыл өлеңдерінің қуаты, құдіреті – оның өрнекті теңеу, ойлы тереңдігінде жатыр. Жыр жауһарынан ұлы мұхиттың, Ұлы даланың құдіретін таныған сайын ақынның жаңа кендеріне, асыл қазынасына жолығасыз. Сөзден інжу-маржан тізген Жамбыл Жабаевтың сом-сом жарқыраған саф алтындай қайталанбас зергерлігі сол Ұлы дала құндылықтарынан бастау алады.

*Елім – бейбіт, жерім – құт,*

*Тілім – шырын, жырым – жент,* [1,35 б.] - деп төгіледі қарт жырау. Елінің бейбіт, жерінің берекелі құт болуы – адамзат үшін нағыз бақ пен бақыт. Ал, Ұлы даланың ең биік қасиеті – ана тілімізді ең тәтті, ең ләзатты шекер шырынға, жырын жентке теңеуді де – қайталанбас құбылыс. Ана тілі – әр ұлттың баға жетпес асылы. Мұны Жамбыл ақын терең түйсінгені анық [2, 51 б.].

Жамбыл түркі әлемінің, сондай-ақ, шығыстың қисса, дастандарын жақсы білген. Жасынан ел-жұрт алдында таңды-таңға ұрып, мәнерлеп, нақышына келтіріп жыр айтқан. Сол ғажап қисса-дастандардың кейбіреуінің мазмұнын ғана қалдырып, өзінше түрлендіріп, жаңаша жырлап шыққан. Әйгілі «Көрұғлы» дастанын Жамбыл былай деп бастайды:

*Домбыраны қолға алып,*

*Ойланып қатты толғанып,*

*Тыңдауға халық келгенде,*

*Көрұғлыны қозғалық.*

*Сөз шумақтан оралып,*

*Бір сөзден бір сөз таралып,*

*Желді күнге жалындай,*

*Сөзім бір кетсе қозданып,*

*Ажалдан қорықпай түйілер.*

*Аспандап қыран шарласа,*

*Ақын қорықпай шүйілер.* [1,12 б.]

Туған жерін, Отанын әспеттеп, әсерлеп, ерекше ыстық ықыласпен мәнерлеп жырлаған Жамбыл Ұлы дала табиғатымен аситасып кетеді:



*Бұлақтан таудан арна ақса,  
Теңіз болар аяғы.  
Көк жұлдызын қолға ұстап,  
Түймесі етіп қадады.  
Осыларды мадақтап,  
Жамбыл жыры сондықтан,  
Көктен күнді шалады,  
Күркіреп жерді жарады!  
Одағым – бақыт ордасы,  
Күнге тіккен туым бар.  
Одағым маған тіл берді,  
Шешен тілге жыр берді,  
Бірлескен күнге арнаған,  
Міне, осындай жырым бар! [1, 28 б.]*

Ұлы ақын Жамбылдың елшілділігі өз алдына, ақынның халықтар достығына келгенде де жыршы ешбір таусылмайды. Себебі ынтымақты, татулықты ту еткен оны басты ойы – ел амандығы, бірлігі еді. Ақынның шексіз сүйіспеншілігі, риясыз ықыласы – ел-жұрты мен алыс-жақын халықтар ынтымағына өнеге [3, 42 б.].

Көрнекті фольклорист, академик С.А. Қасқабасов: «...XX ғасырдағы қазақ поэзиясында жалпы мемлекеттік мәні бар мәселелерге «әлеуметтік талап» («социальный заказ») түрінде болса да жедел әрі зор жыраулық қуатпен алғаш толғаған және сол арқылы өзін де, қазақ жұртын да барша жаһанға жария еткен – Жамбыл. Ол байырғы ұлы жыраулардың дәстүрін қайта түлетіп, біздің дәуірімізге жаңа сапада, соны мазмұнға байытып жеткізді» [5, 21 б.], - деп Жамбыл поэзиясындағы тарихи үдерістің негізгі және басты ерекшеліктерін нақты айтқан. Олар: табиғи таланттың уақыт пен кеңістікке сай қуат-күшпен дами беретіні және жыраулық дәстүрдің XX ғасырдағы анық ізбасары екендігі. Ұлы даланың ұлағатының сабақтастығы да осында.

Бұл – заманында хандығының бас идеологы болған Асан қайғы, Шалкиіз, Жиембет, Үмбетей, Бұқар жыраулардың өнер жолының жалғасы дегенді білдіреді. Демек, осы дәстүр Жамбылға да жат емес және мұны «Мәңгілік ел» мұраты аясында да қарау маңызды.

«Ақын даңқы – халық даңқы» деген тоқтамның ұқтырар мағынасы өте зор. Жамбыл туындылары болашақ ұрпаққа нені аманат еткенін түсіну үшін ақынның өлеңдеріндегі әлем халқын құрметтеу мәдениетіне, береке-бірліктің философиясына басты назар салу қажет.

Ақын мен заман, адам мен адамзаттық мұраттарының бірлігі тұрғысынан бағамдағанда, Жамбыл ұлы үндестіктің, үйлесімнің асқарында тұр. Жамбылды көргендер ол туралы неге тек қана асқақ пікірде қалатын болған? Тіпті оны көрмеген адамдардың өзі ұлы жырауға туғанындай жақындай түсетінінің сыры неде? «Жамбыл мұражай үйінде» ақын мен Сәбит Мұқановтың бейне бір әкелі-балалы адамдай арқа-жарқа құшақтасып отырып түскен әйгілі суреті бейнеленген кілемше тұр. Осы суретті кілемше, осы сәт жырау құшағының әрі кеңдігін, әрі ашықтығын көрсетеді. Жұмыр жерде қанша ұлт пен этнос болса, түрлі деңгейде соншама өркениет тарихы, философиясы, әдебиеті мен мәдениеті бар.

Міне, осының ішінде ақындық өнерімен әлемдік поэзияның жалына жармасып суырыпсалып айтатын айтыс өнерінде қазақ алға шығары сөзсіз. Өйткені, айтыс – қазақ ұлтының хас (әлбетте, қырғыздарды қосқанда) табанда тауып айтатын таңғажайып өнері ғана емес, төл паспорты және әлем халқы алдындағы мақтанышы.

Міне, осы өнердің қыран тұғырында жыр алыбы – Жамбыл Жабаев тұр. Оған түрік халықтары, Еуропа ұлыстары шәк келтірмеген. Олардың берген бағасы, азаматтық, ғылымдық, жазушылық ой-пікірлері мен тұжырымдамалары ғылыми айналымда жүр. Бұл шынайы пайымдамалар мен зерттеулерден шығар қорытынды: Жамбыл Жабаев – өз дәуірінің пер-

зенті және тарихи уақыт пен кеңістіктен биікке көтерілген ұлы тұлға. Ол – өз заманының керекті ғылымы мен білімін жете игерген адам. Ұлы дала руханиятының әдебиет, тіл, мәдениет, тарих, философия, педагогика, психология салаларын меңгерген ғұламасы. Қазіргі тілмен айтқанда, универсал гуманитар маман. Сондықтан да ол ұлы үндестіктің асқар шыңына шыға алды: «дала Гомері» деген атақ Жамбылдың негізгі ғылыми атағы десек те болады. Ол – қайталанбайтын құбылыс, ол – қайта туған және қайта тумайтын – феникс, ол – жыр алыбы. Біз Жамбыл туралы жазбалардан көбіне шындықты көреміз, ал шындықтың өзіне тартатын құдіреті бар екені барша адам баласына мағлұм. Ақынға биік құндылыққа үмтылғандай жақындай түссек, оның сыр сандығы ашылады. Өйткені Жамбыл Жабаев – кіршіксіз адам, алып жүректі ақын, көп жасап, көпті көрген дана.

Жау жағадан алған екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі қысыл-таяң күндерде жасы жүзге таянған қарт жырау даусы қыран құстай саңқылдап, бүкіл елдің намысын жаныды.

*Винтовкасын кезеніп,*

*Сарбаз шықса соғысқа.*

*Домбырасын безеніп,*

*Жамбыл барад соғысқа, [11, 7 б.]* – деп дүр сілкініп, ел қайғысын омыртқасы омырылып, қабырғасы қайысып сезінді, намысын жанып жеңіске үндеді.

*Ел намысы дегенде,*

*Ерлер қашан оянды.* – деп, жас буынды ержүректілікке, қаһармандыққа үндеді. Жамбыл соғысқа аттанған азаматтарды ұлтына бөлмеді, бәрін «балам» деп бауырына тарта сөйледі:

*Тұнжыраған күн туды,*

*Жау қолқаға ұмтылды,*

*Топыраққа теңемек*

*Ата мекен жұртыңды,*

*Аянатын не қалды?*

*Аяулыңды жау алды!*

*Ерлер қашан аянды!*

*Құтты қоныс көкорай –*

*Еліміздің бағындай;*

*Ата-баба мұрасы –*

*Көздің қара-ағындай!*

*Соларды жау шапқанда*

*Лауламас кім жалындай? [11, 61 б.]*

Ақын «Құтты қоныс – қасиетті бабалар мекені үшін қасық қаны қалғанша жауға берілме» деп, асыл қыран – ұландарына Алатаудан саңқылдап жар салды, құрыш жігер берді.

*Тыныштық күнде сөйлесем,*

*Төгілген тілден шекер-бал.*

*Қатерлі күнде тебіренсем,*

*Сөзімде менің қаһар бар.*

*Қазақтың батыр ұлдары*

*Жан үшін жаудан жан алған,*

*Сендерді көріп тұр кәрі*

*Жанары талмай қараудан.*

*Бермеңдер жауға қаланы*

*Қолымен елдің қаланған! [11,69 б.]*

Халық қаһарланса бірлігі шарболаттай бекемдене түседі, қылышы алдаспандай жарқылдайды, кек оттай лаулайды. Баба сөзі сарбаз ұлдарына дем береді, алға ұмтылды-

рады. Соғыс кезіндегі жауынгерлерді, олардың құрыштай берік намысын ақын тамаша суреттейді. Майдан өтіндегі жауынгерлерге «атақты батырлардай, аңыздағы қаһармандай болып, жаудан қайтпас, туған еліне тек жеңіспен орал» деп ақ батасын береді, намысқа оранған от-жырын жолдайды.

*Ер боп өсіп, елімде*

*Махамбеттей батыр бол.* [11, 45 б.] – дейді.

Немесе:

*Амангелді атаңдай,*

*Жаудан, балам, шегінбе!* [11,47 б.] – деп асқақ рух береді:

Тағы бір тұста:

*Тыңда, жауды жапырмай*

*Жолбарыс тонды батырдай»* [11, 52 б.] - деп арғы Кавказдың ұлықтаған атақты батырындай бол деп үндейді. Енді бірде:

*Көрұғылындай батыр бол*

*Жаудан қайтпа! – дегенім!* [11, 57 б.] – деп түркі әлемінің аңызындағыдай қаһарман болуды аманаттайды.

Жамбылтанудың шыңы – әлемдік деңгейдегі ғұламалардың ақын шығармаларына деген көзқарасының биіктігінде. Сол себепті де дүниежүзі оны «Халық поэзиясының алыбы, ХХ ғасырдың Гомері» деп атады. Бұл – Ұлы дала ақындық мектебіне берліген зор баға. Ақындығының басты белгісі – оның халықтығында. Халықшыл ақынның өзі: «Жамбыл – менің жәй атым, Халық – менің шын атым» деуі жайдан-жай емес.

Әлемнің озық ойлы қайраткерлері мен көрнекті жазушылары Жамбылдың көзі тірісінде де, өмірден озғаннан кейін де ақын еңбегін зор құрметпен атады. «... *Жамбыл мейлінше күрделі құбылыс. Көпшіліктің көз алдында отырып, өлеңді суырып салу жұрттың айтатындай, ең жоғары мәртебелі өнер. Жамбыл бір сәттегі ақындық үйлесімділіктің асқақ дарынын бойына жиган кісі. Міне, сондықтан да Жамбылдың сөздері ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келеді*». Бұл – Жамбыл туралы Шыңғыс Айтматов сөзі. Француздың атақты жазушысы Ромен Роллан ақынның мерейтойына: «*Батыс Альпінің жүрегінен қазақ халқының және жаңа адам баласының жыршысы, Қазақстан даласының жүрегі Жамбылға туысқандық сәлем жолдаймын*», - деген жеделхат жіберген.

Тәжік ақыны Мирзо Турсын-Заде 125 жылдық мерейтойына арналған кеште: «*Қазақ халқы ұлы жыршы Жамбылды дүниеге келтірді. Оның өлеңдерін оқыған кезде көз алдыңа Алатау елестейді. Жамбылдың поэзиясы ғасырлар бойы жасайды, әрқашанда өлмейді. Ең биік шыңы – адамның жаны, адамның жүрегі, Жамбыл өзінің поэзиясымен бұл шыңға жол таба білді және бұл шыңды бағындырды*», - деді.

Барша жұрттың татулығы мен ынтамақтығы, бірлігі мен елдігін ойлаған ұлы жырау-дың жүрегі – қазақтың Ұлы даласындай кең еді. Қарт жырау әлемнің мұң-мұқтажын тыңдай отырып, езілгенге, мұқалғанға, қорғансызға құшағын жая білді. Бұл – ақынның көрегенділігі мен ұлығы еді.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Кенжебаев Б. Қазақ халқының жыршысы - Жамбыл Жабаев. / Б. Кенжебаев - Алматы, 1955. -32 б.
- 2 Қасқабасов С.А. Жамбыл. / С.А. Қасқабасов - Алматы, М.О. Әуезов ат. ӘӨИ., 2011. - 463 б.
- 3 Базарбаев М. Жамбыл – халық жыршысы: Жамбыл Жабаев. Екі томдық шығ. жинағы 1-т., / М. Базарбаев - Алматы: Жазушы, 1982. - 255 б.
- 4 Садырбайұлы С. Фольклор және Жамбыл. / С. Садырбайұлы - Алматы: «Ана тілі» баспасы, 1996. - 240 б.

- 5 Жармағамбетов Қ. Жамбыл Жабаевтың өмірі мен творчествосы / Қ. Жармағамбетов - Алматы, 1955. - 299 б.
- 6 Амандықов Я. Жамбыл өнер әлемінде. / Я. Амандықов - Алматы, «Қайнар» баспасы, 1998. - 176 б.
- 7 Жолдасбеков М. Жамбыл және оның ақындық дәстүрі: филол.ғыл.докт... дисс. автореф. / М. Жолдасбеков - Алматы, 1993. - 35 б.
- 8 Садырбайұлы С. Жамбыл жайындағы алғашқы жарияланымдар // Егемен Қазақстан. - 1996. - 16 сәуір - №76.
- 9 Жамбыл туралы сөз: Баяндамалар мен мақалалар жинағы / Жауапты редакторы Б.Б. Мамраев, Қ.Х. Сәлімгерей. - Алматы: Комплекс, 1996. - 153 б.
- 10 Атшабаров Б. Жамбыл жырлаған «Көрұғлы» // Қазақ әдебиеті, 2 тамыз, 1972. - 336 б.
- 11 Жабаев Ж. Шығармалар жинағы. / Ж. Жабаев - Алматы, 1982. 1-т. - 336 б.
- 12 Путилов Б.Н. Искусство былинного певца (из текстологических наблюдений над былинами) / Б.Н. Путилов // Принципы текстологического изучения фольклора. - Москва-Ленинград: Изд-во АН СССР, 1961. - Т. 6. - 393 с.

### Темирхан Тебегенов, Мухит Кожашев

*Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан*

#### Жамбыл – поэт Великой степи

**Аннотация.** В статье Жамбыл является новым аспектом поэта - он высоко оценил дружбу и национальное достоинство народа, его произведения были проанализированы в соответствии с требованиями современного общества и проанализированы с использованием нового исторического сравнительного анализа и литературной критики.

Жамбыл посвятил поэтические произведения Пушкину и сыновьям Дона, субподрядчикам Северного полюса и испанским родственникам, героям нашей Родины и простым людям. Его вечные «Ленинградцы – дети мой» стали пиком поэтического таланта и мудрости от души.

**Ключевые слова:** жамбылеведение, поэзия, поэтическая сила, поэтическая традиция, инновация, искусство былинного певца, дружба народов.

### Temirchan Tebegenov, Mukhit Kozhashev

*Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

#### Zhambyl - Poet of the Great Steppe

**Abstract.** In the article, Zhambyl is a new aspect of the poet - he praised the friendship and national dignity of the people. His works were analyzed in accordance with the requirements of modern society and analyzed using a new historical comparative analysis and literary criticism.

Zhambyl devoted poetry to Pushkin and the sons of the Don, subcontractors of the North Pole and Spanish relatives, the heroes of our country and ordinary people. His eternal «Leningraders - my children» became the peak of poetic talent and wisdom from the heart.

**Key words:** Zhambyl studies, poetry, poetic power, poetic tradition, innovation, the art of an epic singer, friendship of nations.

## References

- 1 Kenzhebaev B. Qazaq chalqynyn zhyrshysy - Zhambyl Zhabaev [The Kazakh people's poet Zhambyl Zhabayev]. (Almaty, 1955, 32 p.). [in Kazakh]
- 2 Kaskabasov S.A. Zhambyl [Zhambyl]. (The name M.O. Auezov MDI, Almaty, 2011, 463 p.). [in Kazakh]
- 3 Bazarbayev M. Zhambyl – chalıq zhyrshysy [Zhambyl is the national poet]. (Zhazushy, Almaty, 1982, 255 p.). [in Kazakh]
- 4 Sadyrbaevich S. Folklor zhane Zhambyl [Folklore and Zhambyl], (Native language, Almaty, 1996, 240 p.). [in Kazakh]
